



ТҰРАЛАҒАН
ТУРИЗМ ТІРЛЕ МЕ?



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

БОЛЖАМ БОЙЫНША 10 ЖЫЛДА ӘЛЕМДЕГІ ТАУАР ӨНДІРІСІ МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ 70 ПАЙЫЗЫНДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ҚОЛДАНЫЛАДЫ. БҰЛ ҮРДІСТІҢ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН АСА МАҢЫЗДЫ ЕКЕНІН АНЫҚ ТҮСІНЕМІЗ. ТАЯУДА ӘЛЕМДЕГІ 62 ЕЛ ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУЫ ҮШІН ҚАЗАҚСТАНДА БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕР ОРТАЛЫҒЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ БАСТАМАСЫН БІРАУЫЗДАН ҚОЛДАДЫ. МҰНЫ БІЗГЕ АРТЫЛҒАН ЗОР СЕНІМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕМДІК АРЕНАҒА ШЫҒУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢІ РЕТІНДЕ ҚАБЫЛДАЙМЫЗ.



ЖАҢАНДЫҚ ҮДЕРІСТЕР МЕН ТҮЙТКІЛДЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астана халықаралық форумының пленарлық сессиясына қатысып, сөз сөйледі. Дөңгелек үстел форматында өткен пленарлық сессияда жоғары мәртебелі делегаттар әлемдік экономикадағы, сауда және саясаттағы жаңандық үдерістерді талқылады. Сондай-ақ климаттың өзгеруі, азық-түлік тапшылығы және энергетикалық қауіпсіздік секілді түйткілдердің шешу жолдарын егжей-тегжейлі қарастырды.

2



БАЙҚАУДА БАҚ СЫНА!

Астана қаласының әкімдігі журналистер арасында елорда туралы үздік материалдар байқауына жұмыстарды қабылдауды жалғастырып жатыр.

Байқауға қатысуға барлық қазақстандық журналистер шақырылады. Байқау «Үздік журналист-сарапшы», «Үздік шолушы», «Үздік радиорепортаж», «Үздік телесюжет», «Үздік мобилограф», «Үздік фоторепортаж» және «Әлеуметтік желідегі Астананың 25 жылдығы туралы үздік материал» арнайы номинациялары бойынша өткізіледі.

Ең үздік жұмыс ақшалай сертификаттармен ынталандырылады. Өтінімдер 2023 жылдың 16 маусымына дейін мына электрондық пошта арқылы қабылданады: sluzhbakommunikatsiy@mail.ru.

Байқаудың ережесін сілтеме бойынша көруге болады.

ЖАЗҒЫ ЖӘРМЕҢКЕЛЕР БАСТАЛДЫ

Жәрмеңке дәстүрлі түрде әр демалыс күндері Абылай хан даңғылы, 20 а мекенжайындағы автотұрақ аумағында өтетін болады. Жәрмеңке сағат 10.00-ден 19.00-ге дейін жұмыс істейді.

Кәсіпкерлер тауарлардың кең асортиментін, оның ішінде: сүт және азық-түлік өнімдері, көкөніс, жеміс-жидек, сиыр еті, жылқы еті, қой еті және басқа да азық-түлік өнімдерін ұсынады.

Дәл осындай жазғы жәрмеңке Сауран, 7 және Қосшығұлұлы, 14 мекенжайларында да жұмыс істейтін болады.

Астанада қалалық және өңірлік тауар өндірушілердің қатысуымен тағы бір қалалық жәрмеңке басталды.



ЖАЛАҚЫСЫ 30 ПАЙЫЗҒА ӨСЕДІ

1 қыркүйектен бастап балабақша тәрбиешілерінің жалақысы 30 пайызға өседі. Осылайша, еліміздегі 97 мыңнан астам педагогтің жалақысы 2,5 есеге артады.

Оқу-ағарту министрлігінің мектепке дейінгі білім департаментінің хабарлауынша, Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2020 жылдың қаңтарынан 2023 жылдың қаңтарына дейін тәрбиешілердің жалақысы жыл сайын 25 пайызға өсті.



«ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР



ЖАҒАНДЫҚ ҮДЕРІСТЕР МЕН ТҮЙТКІЛДЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевпен қатар Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Босния және Герцеговина Президенті Шарић Раисович, ЮНЕСКО төрағасы Желька Цвианович, Өзбекстан Премьер-министрі Абдулла Арипов, ЮНЕСКО Бас директоры Одрэ Азуле, ХВҚ Басқарушы директоры Кристилина Георгиева, ЕҚЫҰ Бас хатшысы Хельга Шмид және БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гуттереш форум қатысушыларына видеоәуінде жолдады. Пленарлық отырысты белгілі CNN журналисті Ричард Квест жүргізіп отырды.

Форум қатысушылары алдында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы осы жиынға қатысу үшін елімізге арнайы келген Қатар Әміріне, Қырғызстан Президентіне, Босния және Герцеговина Президентіне, ЮНЕСКО төрағасына, Өзбекстан Премьер-министріне ризашылығын білдірді.

Президент жаһандық экономиканың қазіргі жай-күйі мен өңірлік ынтымақтастық мәселелері жөнінде пікір алмасу үшін аталған форумның маңызы зор екенін атап өтті.

Осы Форумды бастай отырып, стратегиялық серіктесіміз – Біріккен Ұлттар Ұйымына және оның ХВҚ, ЮНЕСКО, БҰҰДБ, ДСҰ, ЭСКАТО секілді ұйымдарына, басқа да халықаралық институттарға, сондай-ақ ақпараттық әріптесіміз – CNN-ге шынайы ризашылығымызды білдіруге рұқсат етіңіздер, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы бұрын-соңды болмаған геосаяси шиеленіс пен қазіргі заман өркениетінің сын-қатерлеріне назар аударып, Астана халықаралық

форумы миссиясының бес негізгі міндетіне тоқталды. Атап айтқанда, әлемдегі жағдайды ашық талқылау; негізгі сын-қатерлер мен дағдарысты айқындау; осы сын-қатерлерге өзара ынтымақтастық рухында диалог арқылы қарсы тұру; көпжақты қатынастардың ортақ мәдениетін жаңарту және қалпына келтіру; бейбітшілікті, прогресс пен ынтымақты жақтайтын дауыстарды күшейту форумның негізгі миссияларының қатарына кіреді.

Сонымен қатар Президент Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылған сөттен бері негізі қаланған әлемдік тәртіпке төнетін қауіп-қатерлер туралы айтты. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ бірден-бір жаһандық әмбебап ұйым болып қала беретінін әрі бұл ұйым барша адамзат баласының мүддесі мен шынайы мұқтажына қызмет ететінін айрықша атап өтті.

Президент өз сөзінде әлемдегі жаңа дағдарыстың ықпалына қатысты ой-пікірін бөлісті.

– COVID-19-дан бастап қарулы қақтығыстарға дейінгі соңғы «жаңа дағдарыстар» нәзік халықаралық экожүйеге қауіп төндіреді. Бірақ бұл тұрақсыздықтың түпкі себебі тереңде жатыр. Сонымен қатар біз 30 жылдан кейін «блоктарға» бөлінетін ескі көзқарастарға қайта оралу жағдайына куә болып отырмыз. Тек геосаяси күш біздерді жікке бөліп жатқан жоқ. Оның экономикалық астары да бар. Экономикалық саясат қару ретінде ашық қолданылууда. Бұл қарама-қайшылықтар санкциялар мен сауда соғыстарын, мақсатты борышкерлік саясатты, қаржыландыру көздерінен шектеуді немесе жоюды, сондай-ақ инвестицияны бақылауды қамтиды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Геосаяси қысымдар бір-бірімізді алшақтатып жатқан

да біз бірігуге, ықпалдасуға, ынтымақтасуға, өзара қол ұшын созуға деген анық императивпен бетпе-бет келеміз. Бұл жердегі негізгі идея – осы. Осындай сәтте Астана халықаралық форумы аталған үрдісті кері бұру үшін тағы бір мүмкіндік береді. Тек кездесу, кеңесу, сондай-ақ өзара әрекеттену арқылы ғана халықаралық қоғамдастық біздің проблемаларымызға, шаруаларымыз бен үмітімізге қатысты мәселелерді шеше алады. Сонда ғана біз ортақ болашағымызды қалыптастыра аламыз, бәріміз үшін мейлінше тұрақты, әділ әрі өркендеген әлем құру жолына біртіндеп ораламыз.

Қазақстан бұрыннан Шығыс пен Батыстың, Солтүстік пен Оңтүстіктің арасындағы алтын көпір саналады. Көп жағдайда бұл форум ұлы Еуразия даласының мәдениетіне, тарихына сай келеді. Біз осынау мұрамызды мақтан тұтамыз. Дәл осы үздіксіз тауар, мәдени жетістіктеріміз бен идея алмасу арқылы Қазақстанның өзіндік ұлттық бірегейлігі және оның ерекше көпжақты ынтымақтастыққа негізделген бренді қалыптасты. Геосаяси қиындықтарға қарамастан, Қазақстан Орталық Азияда да экономикалық локомотив қызметін атқарып отыр. Біз шетелден кең көлемде инвестиция тартуды жалғастырамыз және Қазақстанда бизнес жүргізу үшін барынша жағдай жасаймыз.

Былтыр Қазақстан экспорты 40 пайызға артты. Дегенмен біздің жалпы ішкі өнімнің едәуір бөлігі бұрынғыша энергетикалық секторға тиесілі. Сондай-ақ экономиканы әртарапандыруға деген ұмтылысымыз артып келеді. Автомобиль құрастыру, фармацевтика, металл өңдеу және машина жасау сияқты бірқатар салада өсім бар екенін байқап отырмыз. Біз іскерлік және экономикалық серіктестік



Біз бетпе-бет келіп отырған сын-қатерлердің ішіндегі ең қиыны – климаттың өзгеруі. Орталық Азия бұл қатерлерге қарсы тұру үшін алғы шепте болады. Ғаламдық ауа температура-сының 2050 жылға қарай 1,5 градусқа көтерілуін сәтті шектеу мүмкін болғанның өзінде, Орталық Азия елдері күн райының 2-ден 2,5 градусқа дейін көтерілгенін байқайды

үшін жаңа мүмкіндіктер іздегендердің бәрін шақырамыз. Мысалы, Қытайды Еуропалық Одақпен байланыстыратын орта дәліз немесе Транскаспий халықаралық көлік бағыты сауда мен инвестиция үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Бұл бағыт тауарды Үнді мұхиті арқылы тасымалдау мерзімін екі есе қысқартады.

Сонымен қатар экономикалық дамуға және өңіршілік бірігуге ықпал ететін «Бір белдеу, бір жол» бастамасында Қазақстан басты рөл атқаратынын атап өткім келеді.

Біз мемлекеттер мен адамдар арасындағы физикалық байланысты нығайтуға, сондай-ақ

серіктес әрі дос ретінде қоғамдастықтар арасындағы байланысты күшейтуге тырысамыз. Осы факторлардың барлығын ескере отырып, бүгінде Қазақстан жаһандық, ең бастысы, шын мәнінде, сенімді сауда-экономикалық серіктес екенін айта аламыз.

Біздің еліміз бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікті нығайту үшін әрқашан бар күш-жігерін жұмсады. Өз тарапымыздан ядролық қаруды таратпау жөніндегі келісімді қолдаймыз.

Қазақстан Сирия дағдарысын шешуде Астана бейбітшілік процесіне бастамашы болды. Елорда әлемдік діндер көшбасшыларының саммиттерін тұрақты өткізетін орынға айналды. Штаб-пәтері Астана қаласында орналасқан Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі жиын аймақтық және жаһандық мәселелерді шешетін бірден-бір тетікке айналды.

Ел ішінде әділдік, заң үстемдігі, теңдік және әділ сот төрелігі қағидаттарын енгізу үшін реформа жүргізуге бағытталған тиісті шараларды қолға аламыз. Заң мен тәртіпке негізделген менің ұстанымым – айқын. Бұл – «Жаңа Әділетті Қазақстанды» құрудың берік негізі.

Біз өзіміз таңдаған жолды абыроймен жүріп өту үшін барлық сын-қатерге дайын болу керектігін де білеміз. Әрі біз бұған дайынбыз.

Біз бетпе-бет келіп отырған сын-қатерлердің ішіндегі ең қиыны – климаттың өзгеруі. Орталық Азия бұл қатерлерге қарсы тұру үшін алғы шепте болады. Ғаламдық ауа температурасының 2050 жылға қарай 1,5 градусқа көтерілуін сәтті шектеу мүмкін болғанның өзінде, Орталық Азия елдері күн райының 2-ден 2,5 градусқа дейін көтерілгенін байқайды.

Бұл біз өмір сүретін ортаның трансформациясына, нақтырақ айтқанда, шөлге айналуына, одан кейін тіршіліктің жойылуына алып келеді. Сондықтан барлық сын-қатерге дайын болуымыз керек.

Су ресурстарының жетіспеушілігі шын мәнінде алаңдатады. Орталық Азиядағы қуаңшылық пен су тасқынынан келетін шығын жалпы ішкі өнімнің 1,3 пайызы деңгейінде деп бағаланады. Ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі 30 пайызға дейін кеміп, 2050 жылға дейін 5 миллионға жуық ішкі климаттық мигранттың пайда болуына әкеп соқтырады.

Біздің мұздықтардың көлемі қазір 30 пайызға қысқарды. Аймақтағы екі үлкен өзен Сырдария мен Әмудариядағы су деңгейі 2050 жылға қарай 15 пайызға түседі. Біз аймақтағы экологиялық апаттың алдын алу үшін Халықаралық Аралды қорғау қорын қолдауға көбірек қаржы бөлуге шақырамыз.

Су мен климаттың өзгеру мәселесі өзара тығыз байланысты. Орталық Азия – су қауіпсіздігін сақтау тығыз әріптестік және бірлескен тиімді шараларды жүзеге асыру арқылы ғана шешілетін аймақ.

Аймақтағы климат және өзге де мәселелерді талқылау үшін мен Алматыда Орталық Азия елдерінің жобалық кеңсесін құруды және БҰҰ секілді халықаралық ұйымдарды тарта отырып, 2026 жылы Қазақстанда Аймақтық климаттық саммит өткізуді ұсынамын.

Еліміз «жасыл» экономиканың мол мүмкіндіктерін ұсынып, қайта қалпына келтіретін энергетиканың орталығы атана алау еді. Алайда уақыт біздің жағмызда емес. Көмірді аз тұтыну және «жасыл» экономикаға қажетті жылдамдықпен көшу үшін бізге ресурстар мен серіктестік байланыс қажет.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев форум ортақ мәселелерді шешуге, сондай-ақ әріптестікті, даму мен прогресті ілгерілетуге өз үлесін қосатынына сенім білдіріп, жиынға қатысушыларға табыс тіледі.





ЭКОНОМИКАНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ МАҢЫЗДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Шетелдік инвесторлар кеңесінің 35-пленарлық отырысына қатысты. Мемлекет басшысы Шетелдік инвесторлар кеңесінің 35-пленарлық отырысына қатысушыларға ілтипат білдіре отырып, бүгінгі жиын Астана халықаралық форумымен тұспа-тұс келіп отырғанын әрі биыл Шетелдік инвесторлар кеңесінің құрылғанына 25 жыл толғанын атап өтті.

Күн тәртібінде талқыланған мәселе – экономиканың цифрлық трансформациясы. Президент геосаяси шиеленіс пен протекционизмнің қарқын алуы әлемдік экономиканың өзгеріске ұшыратып жатқанын атап өтіп, кез келген дағдарыс жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынына назар аударды.

«Орасан зор технологиялық серпін беретін «цифрландыру» осындай мүмкіндіктің бірі деп санаймыз. Цифрландыру қарқын экономиканың дамуына зор ықпал етіп, бүгінгі күн тәртібінің бағыт-бағдарын айқындап берді. Жасанды интеллект, блокчейн, Интернет заттар (IoT) және Үлкен деректер (Big Data) секілді жаңа тұжырымдар мен технологияларды кең көлемде енгізу ауыл шаруашылығынан бастап қаржы саласына дейін барлық саладағы ойын ережесінің өзгеруіне алып келеді. Цифрландыру тұтас елдер мен өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін анықтаушы факторға айналды. 2025 жылға қарай әлемдегі цифрлық нарық 50 пайызға артып, 6,8 триллион долларға жетеді деп

болжанып отыр. Болжам бойынша 10 жылда әлемдегі тауар өндірісі мен көрсетілетін қызметтердің 70 пайызында цифрлық технологиялар қолданылады. Бұл үрдістің Қазақстан үшін аса маңызды екенін анық түсінеміз. Таяуда әлемдегі 62 ел Орталық Азияның орнықты дамуы үшін Қазақстанда Біріккен Ұлттар Ұйымының цифрлық шешімдер орталығын құру туралы бастамасын бірауыздан қолдады. Мұны бізге артылған зор сенім және Қазақстанның әлемдік аренаға шығудағы маңызды кезеңі ретінде қабылдаймыз» деді Мемлекет басшысы.

Президент Цифрлық интеллект индексіне (Digital IQ) сәйкес, Қазақстан цифрландыру қарқыны бойынша 20-орында екенін және цифрлық органы дамыту тұрғысынан перспективті елдердің қатарына кіретінін айтты. «2022 жылы еліміздегі цифрландыру саласы 12 пайызға өсті. Отандық цифрлық өнімдердің халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі артып келеді. Былтыр IT өнімдері мен қызметтер экспорты 5

есе ұлғайып, 333 миллион долларды құрады. Мақсатымыз – 2025 жылға қарай бұл көрсеткішті 500 миллион долларға дейін жеткізу. Дегенмен біз одан әрі ілгерілей беруге ниеттіміз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Шетелдік инвесторлар кеңесінің отырысында Еуропалық қайта құру және даму банкінің президенті Одиль Рено-Бассо, Премьер-министрдің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу, Азия даму банкінің президенті Масатсугу Асакава, CNPC компаниясының президенті Хоу Цицзюнь, Shell plc компаниясының бас атқарушы директоры Уазел Сауан, Chevron корпорациясының атқарушы вице-президенті Найджел Хирн, Philip Morris International компаниясының ТМД және Орталық Азия бойынша президенті Марко Мариотти, Microsoft корпорациясының Орталық және Шығыс Еуропа бөлімшесінің бас директоры Мишель Симмонс, Wabtec корпорациясының президенті және бас атқарушы директоры Рафаэль Сантана сөз сөйледі.

ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІН РЕФОРМАЛАУДЫ ҰСЫНДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ делегациясымен – БҰҰ Бас хатшысының орынбасары – БҰҰ Азия және Тынық мұхиты үшін экономикалық және әлеуметтік комиссиясының Атқарушы хатшысы Армида Алисжабанмен, Бас хатшының саяси мәселелер жөніндегі көмекшісі Мирослав Енчимен және БҰҰ Бас хатшысының көмекшісі – БҰҰ Даму бағдарламасы әкімшісінің көмекшісі Ивана Живковичпен кездесу өткізді.

Кездесуге қатысушылар Қазақстан мен БҰҰ институттары арасындағы көпжақты ынтымақтастықты дамыту перспективаларын талқылады, сондай-ақ халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты. Президент Астана халықаралық форумына белсенді қатысқаны үшін дипломаттарға ризашылығын білдіріп, олардың БҰҰ аясындағы ұсыныстары форум жұмысының мазмұнын байытуға үлес қосқанын айтты.

Мемлекет басшысы БҰҰ-ның бейбітшілікті нығайту, қауіпсіздік пен жаһандық дамуға қамтамасыз ету ісіндегі айрықша рөліне назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесін жан-жақты реформа жүргізу қажеттігіне және осы органның өкілдігін кеңейтудің маңыздылығына тоқталды.

Президент осы әмбебап ұйымның рөлін нығайту мақсатында Қазақстан БҰҰ-мен күш біріктіруге ниетті екенін растады. Қазақстанда

БҰҰ-ның 20-дан астам бөлімшесі табысты жұмыс істеп жатыр. Осы ретте Алматы қаласында Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталық құру маңызды екені атап өтілді. Бұл орталықтың қызметі 2030 жылға дейінгі күн тәртібін ілгерілету үшін кешенді шаралар қабылдау арқылы БҰҰ агенттіктерінің өңірдегі елдер үкіметтерімен арадағы үйлесімділікті нығайтуға бағытталады.

Өз кезегінде жоғары лауазымды дипломаттар Астана халықаралық форумы туралы өздерінің әсерін ортаға салып, қазіргі заманның өзекті сын-қатерлерін шешу тәсілдерін әзірлеуде осы алаң стратегиялық тұрғыда маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ кездесуде көлік-логистика әлеуеті мен цифрландыру процесі тұрғысынан Орталық Азияның стратегиялық рөліне назар аударылды. Кездесу соңында Мемлекет басшысы БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришке жүрекжарды сәлемін жолдады.

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰЖАТ – БАҚЫЛАУДА

Аманат партиясының төрағасы Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен фракцияның кеңейтілген жиналысында Аманат партиясының сайлауалды бағдарламасын орындау бойынша Жол картасын іске асыру барысы талқыланды. Бейнеконференция режимінде карта пункттерінің орындалуына мониторинг жүргізу бойынша жұмысты ұйымдастыру мәселелері айғақталды. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

Кеңейтілген жиналысқа Мәжіліс депутаттары - фракция мүшелері, Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері, партия хатшылары, сондай-ақ мәслихат төрағалары қатысты.

«Елордада бағдарламалық құжатты іске асыру үшін бас қаламызды дамы-

тудың 4 басым бағыты бойынша 127 іс-шара айқындалды. Бағдарламаның барлығы дерлік Мәжіліс пен мәслихат сайлауы кезеңінде партияластардың елорда тұрғындарынан жинаған ұсыныстары мен өтініштерінен тұрады. Жол картасының әрбір тармағы қалалық

мәслихаттағы фракция мүшелеріне бекітілді. Сайлаушылар ай сайын Аманат партиясының сайлауалды бағдарламасының іске асырылу барысы туралы ақпарат алады» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

ЕМХАНАЛАР ЖАҢАРДЫ

Астанада күрделі жөндеуден кейін №5 және 8 емханалары ашылды. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.



«Көпіді көлемдегі тегін медициналық көмек (ККТМК) және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру

(МӨМС) аясында екі медициналық мекемеде 150 мыңға жуық азаматқа қызмет көрсетіледі. Ғимараттардың қасбеттері

мен лифт қондырғылары жаңартылып, медициналық жабдықтар сатып алынды. Аурухана аумақтарын абаттандыруға, сондай-ақ оларды жарықтандыру мен көгалдандыруға ерекше назар аударуды тапсырдым. Айтпақшы, пайдалануға берілген сәттен бастап, 15 жылдан астам уақыт бойы бұл емханаларда жөндеу жұмыстары мүлдем жүргізілмеген. Осы мәселелерді елордалық мәслихат депутаттары бірнеше рет медициналық нысандарға барғаннан кейін бастамашы болып, көтерді.

Барлық жұмыс «елорданың денсаулық сақтау жүйесін дамытудың 2021-2023 жылдарға арналған Кешенді жоспары» шеңберінде жүргізілді, оны елордалық мәслихат депутаттары бірауыздан қолдады» деп түсіндірді Е.Каналимов.



СТРАТЕГИЯЛЫҚ СИПАТЫ БАСЫМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі Еурокомиссар Януш Войчеховскиймен кездесті.

Президент Януш Войчеховскийге Астана халықаралық форумына спикер ретінде қатысқаны үшін алғыс айтты. «Біздің елімізбен айрықша байланысыңыз бар екенін біліп, таңғалдым. Қадірлі анаңыз Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары Қазақстанда өмір сүрітті. Сондықтан сіздің сапарыңызға өте қуаныштымыз. Елімізде поляк диаспорасы тұрады. Әрі біздің ортақ мәдени мұрамыз бар. Бенедикт Поляк, Адольф Янушкевич, Густав Зелинский, Александр Затаевич секілді тұлғалар Қазақстанның мәдени дамуына елеулі үлес қосты» деді Мемлекет басшысы.

Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның ірі сауда серіктесі саналатын Еуропалық Одақпен ынтымақтастықтың стратегиялық сипатына назар аударды. «Жақында Қырғызстанда «Орталық Азия – Еуропалық Одақ» жаңа форматында кездесу өткіздік. Бұған дейін Астанада бірінші кездесу болған.

Сондықтан тығыз қарым-қатынас жасау жөніндегі ниетіміз бен ұмтылысымызды көрсету үшін жоғары деңгейдегі осындай кездесулерді өткізіп тұру керек. Биыл жыл басында Еуропалық Одақпен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқанымызға 30 жыл толды. Еуропалық Одақпен өзара байланысымызды нығайтуға мол мүмкіндік бар» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Еурокомиссарға Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалар, сондай-ақ демократияны дамытуға, адам құқықтарын қорғауға және қоғамда заң үстемдігін орнатуға септігін тигізетін өзгерістер туралы айтты. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қазақстанның Еуропалық Одақпен ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықты кеңейту үшін зор әлеуеті бар екеніне тоқталды. Оның айтуынша, еліміз дәнді және майлы дақылдарды, сондай-ақ жоғары сапалы органикалық өнімдердің экспортын арттыруға дайын.



БҰЛ БІР ТАРИХИ КҮН

1997 жылғы 10 желтоқсан. Бұл – Отанымыздың жүрегіне, Тәуелсіздігіміздің тірегіне айналған Астана қаласының тарихындағы ерекше күннің бірі.

Осы да н 25 жыл бұрын дәл осы күні қаланың орталық алаңында салтанатты жиын өтіп, Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Бүгіннен бастап Ақмола қаласы – Қазақстанның жаңа астанасы» деп жариялаған еді. Осылайша, елдің астанасын көшіру бастамасы ресми түрде жүзеге асырыла бастады.

Осы күннен бастап тек қала тұрғындары үшін ғана емес, барша қазақстандықтар үшін тарихтың жаңа беті ашылды. Сарыарқаның сары аязы шытынап тұрса да, қаланың орталық алаңына жиналған ел-жұрттың жүзінен қуаныштың лебі сезіліп тұрды. Алаң ортасында орнатылған еңселі мінбердің айналасына қала жұртшылығы ағылып

келіп жатты. Осы сәтте мен де сол кездегі «Ақмола ақиқаты» аталатын, бүгінгі «Astana aqshamy» газетінің тапсырмасымен ертелетіп алаңда болған едім.

Президенттің сол кездегі ордасынан, яғни, бүгінгі елорда әкімдігі ғимаратынан Мемлекет басшысы бастаған Парламент және Үкімет мүшелері, жаңа елорданың басшылығы мінберге көтерілді. Осы бір сәтте Республикалық ұланның оркестрі асқақ әуенді бастап жіберді. Ер тұлғалы жауынгерлер көк байрақты желбіретіп, елтаңба мен Президент штандартын көтеріп шықты. Елдіктің осы үш символын ұстаған айбынды сарбаздар алаңның дәл ортасына жетіп тоқтаған сәтте әнұранымыз жаңа елордамыздың аспанында асқақтап сала берді. Жүрек тұсына қолын қойып әнұранды

айтқан жұрт толқып та, марқайып та тұрды.

Осы салтанаттың барысында есте қалған бір көрініс – ақмолалық ақсақалдардың Нұрсұлтан Назарбаевқа жаңа астананың символдық кілтін табыстап, жаңа астананың есігі айқара ашылғандай әсерде болдық. Соғыс пен еңбектің бейнеті мен зейнетін қатар көрген Мұқат Мейірманов пен Нұрғожа Оразов бастаған бір топ қария елордаға айналған қаланың болашағының баянды болуына тілек айтып, бата берді.

Құдайға шүкір, кезінде біреуге жалған болған, біреуге арман болған Астана бүгінгі таңда төрткүл дүние таныған әсем шаһарға айналды. Ширек ғасырдан бері Отанымыздың жүрегі, Тәуелсіздігіміздің тірегі болып тұр.

ЕЛОРДА МЕРЕКЕСІ – ЕЛ МЕРЕКЕСІ

Қазақстанның жаңа астанасының бүкіл әлемге танылған күннің бірі – 1998 жылдың 10 маусым күні болды. Бұл күні жас елордамыз – Астана қаласының халықаралық тұсаукесері өтті.

Осы күнгі «Астана ақшамы» газетінің Астана қаласының елдің бас қаласы ретіндегі тұңғыш мерекесі – халықаралық тұсаукесерге арналған нөмірі «Басталды!» атты тақырыппен жазылған мақаламен ашылды. Аталған мақалада Астананың тұсаукесер рәсіміне бес күн қалғанда Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы Орталық стадионның ашылғаны, қала орталығында Төле би, Қазыбек би және Әйтеке бидің ескерткіші ашылғаны жазылды. Жас елорданың тұсаукесері құрметіне арналған «Астана» естелік медальінің сипаттамасы да жазылған еді.

Ал халықаралық тұсаукесердің негізгі қойылымдары қаладан шыға берістері Шортанды тасжолының бойында жаңадан тұрғызылған ипподромда өтті. Сол жолы мерекеге жиналған жұрттан көз сүрінгендей еді. Жағалай тігілген киіз үйлер, сап түзеген сауда қатарлары – бәрі-бәрі той үшін, төрткүл дүниенің түкпір-түкпірінен келген қонақтар үшін қызмет істеп жатты. Әрине, бұл мерекенің ең басты қызығы – ұлттық ат спортынан өткен сайыстар болғаны сөзсіз. Көкпар, теңге ілу, аударыспақ, қыз қуу секілді ұлттық өнерімізді тамашалаған шетелдіктердің риза болғанына куә болған едік.



Ал осы мерекенің ең қызығы, әрине, аламан бәйге болғаны анық. 25 шақырымдық аламанға еліміздің түкпір-түкпірінен жүздеген жүйріктер қосылған еді. Сол жүзден жүйрік шыққан жамбылдық шабандоз Ернұр Төреқұловқа Президент «Тойота» автокөлігінің кілтін табыстаған. Теңге ілуде атбасарлық Жанайдар Аушақиев деген азамат топ жарғаны есімізде.

Халықаралық тұсаукесер мерекесіне арналған бәйге жарыстарымен қатар қазақ күресінен де сайыстар өтті. Еліміздегі белгілі балуандардың бәрі дерлік қатысқан жарыста жамбылдық балуан Сөлкен Жартыбаев «Түйе балуан» атанған-ды.

Тұсаукесердің ипподромдағы қызығына кенелген астаналықтар мен шаһар меймандары думанды қала ішіндегі мерекелік карнавалда жалғастырды. Мыңдаған адам Республика

даңғылы мен Кенесары көшесінің бойынан жүріп өтті. Шерудің алғы шебіндегі сарбаздар оркестрінің екпінді дабылы көшені жағалай тамашалап тұрған жұртшылықтың да көңілін көтере түсті. Сондай-ақ концерттік алаңдардың бәрінде Қазақстанның ғана емес, ТМД мен әлемдік эстрада жұлдыздары өнер көрсетті. Әлемге әйгілі Лучано Паваротти, атақты италиян әншісі Тото Кутуньоны, сондай-ақ Анне Вески, Филипп Киркоров, Роза Рымбаева, Лайма Вайкуле және басқа да жұлдыздар, Лондон симфониялық оркестрі, «Модерн Токинг», «А-Студио», «Дует - L», «Яшлық», «АБК», «На-На» секілді танымал өнер топтары да жұртшылықты өнерлерімен тамсандырды.

Осы күні есте қалған тағы бір ақжолтай оқиға Астанада күн батып, орталық алаңда гала-концерт өтіп жатқанда ғарышта қалықтап жүрген Талғат Мұсабаев үлкен экран арқылы барша қазақстандықтарды Астана мерекесімен құттықтаған сәті болды.

Астананың халықаралық тұсаукесері аясында түркітілді мемлекеттердің V саммиті де өтті. Бұл жиынға Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Тәжікстан елдерінің басшылары қатысып, қазақ елінің жас астанасына құтты болсын айтып, қуанышты бөлісіп кеткен еді.

Иә, Астанамыздың атын әлемге әйгілеген халықаралық тұсаукесер салтанаты – елорда тарихының ұмытылмас жарқын беттерінің бірі. Бұл шараны әлемнің 100-ден аса елінен келген ақпарат өкілдері де айшықтап көрсетті.

Осы күннен бастап 10 маусым күні 2006 жылға дейін Астана күні мерекесі болып аталып келді. 2006 жылдан бері Астана күнін 6 шілде күні мерекелеп келеміз.



Дайындаған **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» САЛТАНАТ ҚАҚПАСЫ

Әуежайдан Мәңгілік ел даңғылы бойымен қалаға кірген бетте тартқан сымдай түп-түзу шұбаған жолдың қақ ортасында келген қонақты «Мәңгілік ел» салтанат қақпасы қарсы алады.

Таңатар
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

Көрсө көз сүйсінетін осы бас қала символына айналған сәулет өнері 2011 жылдың 16



желтоқсанында ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай ашылды. Жоба авторы – Қазақстанға ғана емес, әлемге кеңінен танымал архитектор, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Сағындық Жанболатов.

Еліміздің ең алғашқы жасампаздық қақпасы «Мәңгілік ел» сәулет нысанының биіктігі – 20 метр. Оның сыртқы қасбетінің безендірілуі де ұлттық ерекшеліктерге толы. Әрбір қабырғаның төменгі табанында биіктігі 4,4 метр болатын көлемді мүсіндер бар. Композициялық тұрғыда бұл барельефтер нысанның төменгі жағында орналасқан. Өз кезегінде тұғыр үстіндегі арнайы бос орындарға қазақ ұлтының терең де тамырлы ішкі дүниесі мен сыртқы келбетін ашатын бедерлік мүсіндер қойылған.

Қақпаның сол жағына халқымыздың санасында ертеден қалыптасқан даналықтың, данышпандықтың, ғұлама-лықтың нышаны, халықтың рухы мен ойының қорғаушысы Ақсақалдың мүсіні орын тепкен. Оның нағыз қазақтың



ақсақалы екендігін ұлттық киімі көрсетіп тұр.

Қақпаның оң жақ бетінде, ойшықтың ішінде отбасының ұйытқысы – Әйел-Ананың бедерлік мүсіні алыстан көз тартады. Ол «Отан-Ана», «Жер-Ана», «Ана тілі» сынды киелі ұлттық

ұғымдарға ұласады.

Осы аталған әрбір мүсінің астында қазақтың шежірелі «Мәңгілік» белгісі жазуы тұр. Бұл – мемлекеттің мәңгілік екендігін, қақпада көрсетілген композициялардың тақырыптары қазақ жұрты үшін қашан-

да маңызды болатындығын көрсетеді.

Әрбір мүсінің жоғары жағында мемлекеттің Елтаңбасы орналастырылған. Елтаңба нысанға айбындылық береді және оның мемлекет үшін ерекше маңыздылығын көрсетеді.

Қақпа ойшықтарының сан алуан үлгідегі жолақтары құрылысқа ұлттық ерекшелік беріп тұр. Ал ең жоғарғы бөлігі Көк байрағымызда қолданылған күрделі ою-өрнектермен әсемделіпті. Осында Туымыздағы күн мен қыран құс ерекше әсер береді.

Сондай-ақ көшпелі сарбаздың және қазіргі Қазақстан жауынгерінің мүсіндері ұрпақ сабақтастығынан хабар береді.

Ал қос бүйіріндегі «Тайқазан» тыныштық пен тоқшылықтың, шалқар көңіл мен қонақжай пейілдің терең мәнін білдіреді. Одан жоғарырақ «Елім менің аңсаған, баба үмітін ақтаған» және «Бірлік, ынтымақ – баянды болашақ» жазулары түзіліпті.

«Мәңгілік ел» салтанат қақпасының ішінен көрме галереясын тамашалап, ұшар басына көтеріліп, төрт қапталға қойылған дүрбілерден Астанаға биіктен көз жүгіртуге болады.

ДЕПУТАТТАР НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ



Астана қаласы мәслихатының депутаттары бірқатар әлеуметтік нысанды аралап, атқарылып жатқан жұмыспен танысты. Соның барысында тұрғындарға қолайлы жағдай жасауда кедергі келтіретін мәселелер анықталды.

Мәслихат депутаттарының қатарында Кеңдебай Адамбеков, Мәдина Әжікенова, Жанаргүл Құлмағамбетова, Бауыржан Қасымбергбаев, Арсланбек Мағзұм, Бауыржан Смайылов болды. Олар «Астана қаласында мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті іске асыру нәтижелері» тақырыбында жария тыңдауға дайындалу аясында әлеуметтік нысандарды аралады.

Алдымен депутаттар қаладағы Т.Бигелдинов пен Желтоқсан көшелерінің қиылысында орналасқан ақыл тұрақтарға барды. Қазіргі уақытта қала бойынша 7300-ге жуық ақыл тұрақ бар. Мұнда әр көлік күніне шамамен 40 минуттай тұрады. Алдағы уақытта ақыл тұрақтар ЭКСПО аумағында пайда болмақ. Жоба іске қосылғалы бері ақыл тұрақтардан 300 миллионнан аса қаржы түскен. Аурухана, балабақша, мектеп, халыққа қызмет көрсету орталығы секілді әлеуметтік нысандарда ақыл тұрақтың болуы көлік қозғалысын азайтуға септеседі. Бұл туралы Астана қаласы Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы басшысының орынбасары Ержан Диханбаев айтты.

Одан кейін депутаттар қала сыртында орналасқан қауіпті қалдықтар-



ды, оның ішінде құрамында сынап бар және медициналық қалдықтарды кәдеге жарату, қайта өңдеу бойынша қызмет көрсететін өндіріс орталығына барды. Мұнда «Kazecotech» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі басшысы Владимир Андреев атқарылған жұмыстар жайында әңгімеледі.

«Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасын іске асыру кезінде соңғы 3 жылда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі ретінде жеке серіктес өтеусіз негізде тұрғын үйлердің

жанынан бес сынап құюды жойып, 4 кг-нан астам сынап жинады. 13 млн текше метрден астам ауаның ластануына жол берілмеді» деді В.Андреев.

Оған қоса, депутаттар қаладағы гуманитарлық колледждің жұмысымен танысты. Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазиев те қатысып, қалада педагог кадрларды даярлау жұмысына қатысты сұрақтарға жауап берді.

Педагогикалық білім елорданың 4 оқу орнында беріледі. Олар: Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Назарбаев университеті, А.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты және Астана халықаралық университеті. Оның ішінде оқу грантының 65 пайызы Астана халықаралық университетіне тиесілі. 2026-2027 жылға дейін 100 мың балаға 3500 педагог қажет болады.

Сондай-ақ халық қалаулылары қаладағы паралимпиадалық жаттығу орталығына барды. Мұнда мүмкіндігі

шектеулі жандар жүйелі түрде спортпен шұғылданады. Бүгінгі таңда мұнда спорттың әр түрінен жаттығу өтеді.

«Біз әріптестерімізбен бірнеше нысанға барып қайттық. Мұндағы басты мақсат – мемлекет тарапынан қандай қолдау көрсетіліп жатқанын көру. Мәселен, біз ең соңында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған орталықтарда болдық. Мұнда келушілер үшін барлық жағдай жасалған» деді Астана қаласы мәслихатының депутаты Мәдина Әжікенова.

Дайындаған Индира БЕРЖАНОВА

ТӘЛІМГЕР КЕҢЕС БЕРЕДІ

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті жанынан алғаш рет «Тәлімгерлер кеңесі» құрылып, консультативтік-кеңесші органының бірінші отырысы өтті.



Кеңестің құрамында білікті әрі тәжірибелі мемлекеттік қызмет ардагерлерінен құралған 9 мүше бар. Алдағы уақытта олар жергілікті мемлекеттік органдар басшыларының кәсіби бейімделуіне көмек көрсетеді. Сонымен қатар кадр құрамының тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Жас қызметшілерге жұмысты тиімді жоспарлауды үйрете отырып, қиын кезде оңтайлы шешім қабылдауға бағыт-бағдар береді.

«Бұл кеңес – Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасы. Тек Астана қаласында емес, басқа өңір-

лерде де құрылады. Кеңес мүшелері өңірдегі жұмысты бастап кеткен. Бұл жоба арқылы жастар білікті мамандармен тәжірибе алмасып, түрлі мемлекеттік басқарудағы әдіс-тәсілді меңгере алады» деді өз сөзінде Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы, әдеп жөніндегі кеңес төрағасы, «Тәлімгерлер кеңесі» консультативтік-кеңесші органының тең төрағасы Әли Көмекбаев.

Маңызды ұйымның алғашқы отырысына қалалық ардагерлер ұйымының өкілдері мен Астана

қаласы әкімдігіне қарасты органдардың басшылары қатысты. Онда ұйым мүшелері жаңадан қызметке сайланған басшыларға өзінің еңбек жолын айтып, тәжірибесімен бөлісті.

– Тәжірибемді қолданайын деп жастарға тәлім-тәрбие беруге, олармен пікір алмасуға, ұсынысымды айтуға, әрине, дайынмын. Ақыл тындап, ақыл тоқтатқан адам еш уақытта азбайды да, тозбайды да, – деді «Qazindustry» АҚ тәуелсіз директоры, «Тәлімгерлер кеңесі» консультативтік-кеңесші органының мүшесі Ерсұлтан Бектұрғанов.



БИБІГҮЛ МЕКТЕБІ БОЙ КӨТЕРЕДІ

Елордада әйгілі әнші Бибігүл Төлегенова атындағы креатив мектебі бой көтереді. Бұл инвестициялық жобаның қапсуласын қалау рәсімі өтті. Оған қала әкімінің орынбасары Ерлан Бекмырзаев, даңқты әншінің өзі мен туысқандары, жобаны іске асырушылар қатысты.

Ерлан Бекмырзаевтың айтуынша, аталмыш жоба музыкалық білім мен оқушыларды дамытатын арнайы циклді қамтитын PBL Learning бірегей бағдарламасын қамтиды. 700 оқушыға арналған, сол жағалауда «Барыс Арена» спорт кешені аумағын-

да орналасатын мектеп құрылысын 2024 жылдың үшінші тоқсанында аяқтау жоспарланған. Мектеп жанында 100 орынға арналған жатақхана салынып, ел аймақтарындағы дарынды балаларға осы мектепте оқуға мүмкіндік береді.

«ИМАНИ ЖАЗ» САУАТ АШАДЫ

Оқушылардың жазғы демалысына орай ҚМДБ бастамасы негізінде жыл сайын еліміздегі барлық мешітте «Имани жаз» жазғы сауат ашу курсы ұйымдастырылады. Бүгінде елорда мешіттерінде екі мыңға жуық оқушы бос уақытын пайдалы өткізіп, исламның ілімін меңгеруге талап қылууда.

Әзірет Сұлтан мешітінің имамы Омар Ұстаздың айтуынша, «Имани жаз-2023» курсы биыл да маусым айының алғашқы күндерінен бастап шәкірттерге есігін ашты. Құрсақ 8-15 жас аралығындағы ұл-қыздарды қабылдайды. Жеткіншектер курсқа өз ықыласымен және ата-анасының келісімімен келеді. Оқушылар түске дейін оқиды, аптасына бір рет жұмада демалады. Мұнда Құран әліпбиін оқып, Құранның жаттауға жеңіл сурелерін тәжірипден оқып үйреніп, Алланың 99 көркем есімін жаттаумен қатар, ислам әдептерін үйренеді.

Жалпы бұл курста дәстүрімізге сай жүргізілетін сабақтардан кейін ислам ізгіліктеріне қанығып,

балалардың мінез-құлқы өзгеріп, жауапкершілікті түсіне бастайды. Әрине, тәрбиешілер шәкірттерінің жақсы білім, тәрбие алып шығуын қалайды. Баланың үлкен мақсат қоя білуіне, үлкен белестерді бағмындыра алуына басымдық беріледі. Мешіттегі кітапшалар балаларға арнайы діни тұрғыда ғана емес, үлкендерді сыйлау, кішіге құрмет, ата-анаға қамқорлық, басқа да өмірлік қағидалар негізіне үйретеді. Үлкен қаладағы жолда жүру ережелерін пысықтап, спорт ойындарымен шынығады.

Алсу ЖҰМАНОВА,
Л.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің
1-курс студенті

ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ ЖӨНДЕУ БАСТАЛДЫ

Бас қаланың Байқоңыр ауданында үй-жайлар мен пәтерлер иелерінің мақсатты қаражатын жинау есебінен көпқабатты тұрғын үйлерді жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары басталды.

ҚР тұрғын үй заңнамасына сәйкес, ортақ мүлікке шатыр, қасбет, кіреберістер, кіру топтары және үйлердің жертелуі үй-жайлары кіреді. Бүгінде қызмет көрсететін ұйымдар келесі мекемелер бойынша жұмыс жүргізуде:

Абай даңғылы, 32, А.Иманов көшесі, 50/1, Кенесары көшесі, 51, А.Иманов көшесі, 17, Республика даңғылы, 4, А.Пушкин көшесі, 9, Абай даңғылы, 95/1, А.Жұбанов көшесі, 10а, Кенесары көшесі, 47, А.Жұбанов көшесі, 9.



Туристтік индустрия – ең табысты саланың бірі. Әлем нарығының 10 пайызын осы сала қамтамасыз етеді екен. Қазақстан қанша жылдан бері туристерге тартымды ел болуды мақсат етіп, халықаралық көрмелерге қатысып, қаржыны оңды-солды шашқанмен, мұратына әлі жеткен жоқ. Мұның себебі не? Біз осыны анықтауға тырыстық.

ТҰРАЛАҒАН ТУРИЗМ ТІРІЛЕ МЕ?



Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

ТУРИЗМ – ӘЛЕМДЕ ТАБЫСТЫ САЛА

Дүниежүзілік туристік ұйым (UNWTO) әлем елдерінің экономикасындағы туризм саласының үлесін саралады. Бұл көрсеткіш бойынша Макао, Мальдив, Гренада сынды елдердің негізгі табыс көзінің 80 пайыздан астамы туризм саласына тиесілі. Бұл дегеніміз экономикасы туризм саласына байланған, сырттан келетін туристердің көңіл күйіне байланысты табысы артады. Әрине, бұл көрсеткіш елдің экономикалық қуатын көрсетпейтіні анық.

Орта Азия елдері де туризм саласын экономиканың басым бағыты етуге мән беруде. Қырғызстан экономикасының 22 пайызы туризм саласынан келсе, Тәжікстан – 14, Өзбекстан – 9,9, Қазақстанның 4,4 пайызы ішкі және сыртқы туризмнен түскен қаржыдан құралады.

Кейінгі жылдары Өзбекстан туризм саласына ерекше маңыз беріп, Ташкент пен Самарқан қаласын туристік орталық ретінде танытуға кірісті. Бұған өзбек ағайындардың сапалы сервис қызметі мен арзаншылығын есептесек, онда мүмкіндігі жоғары екені анық. Қазір 270 шақырым құрайтын екі қала аралығында жоғары жылдамдықты пойыз қатынайды. Бұл қатынас құралымен 1,5-2 сағатта бір қаладан екіншісіне жетуге болады. Осылайша экономикасындағы туризмнің үлесін 30 пайызға арттырып, екінші жағынан өзінің тарихи, мәдени құндылығын насихаттауды басымдық етті.

Шынында, туристік тартымдылықты күшейтетін бірден-бір фактор – инфрақұрылым. Яғни әуежай, вокзал, қонақ үй, жол қатынасы маңызды рөл атқарады. Өзбекстан осы бағыттағы қажеттілікті ұтымды ұйымдастыруда.

Бұрынғы Президент Нұрсұлтан Назарбаев ел экономикасының 8 пайызын туризмнен аламыз деп жоспарлап, 100 нақты қадам – Ұлт жоспарында туристік кластер құруды және дамытуды (57-қадам) тапсырғанды. Қазіргі Президент Қасым-Жомарт Тоқаев туризм саласына тың серпін беру үшін алдымен инфрақұрылым мәселесін кешенді түрде шешіп, қызмет сапасын түбегейлі жақсарту керек екенін атап, бұл мәселеге Үкімет пен Парламент баса назар аударуы керектігін атады. Алайда бұл сала даму жолын табай алмай, әлі талтаң-талтаң басып келеді.

Әлем елдерінің туризм саласынан түсетін табысы таңғал-

дырмай қоймайды. 2021 жылы АҚШ-та туристерге қызмет көрсетуден 70 миллиард доллар кіріс кірсе, Франция – 40, Испания – 34, Біріккен Араб Әмірлігі – 34, Англия – 33, Түркия – 26, Италия – 25, Германия – 22, Мексика – 19, Австралия 17 миллиард доллар табыс тапты.

ism.kz порталының дерегіне, екі жыл бұрын Қазақстандағы туристік орталықтар 5,5 миллион адамға 109 миллиард теңгенің қызметін көрсетті. Әрине, бізге Түркияның деңгейіне жету қайда?! Анадолы елі турист тартудан үлгі болады. 2021 жылы Түркияға 109 мың қазақстандық қыдырып барса, 2022 жылы 239 мың адам туристік жорыққа шықты. Бұл жыл өткен сайын ел азаматтарының Ыстанбұл мен Анкара бағытына қызығушылығы артып келетінін көрсетеді. Одан бөлек, Алания, Анталия, Сиде, Кемер, Белек, Бодрум, Мармарис, Фетхие сынды теңіз жағасындағы курортты қалаларды бір көріп кетуге мән беретін жерлер аз емес.

Туристік орталықтың есігін ашып, Түркияға барып-қайтудың шығынын сұрадық. Кемерге екі адам турист ретінде 7 күнге баратын болса 467 мың теңге жұмсайтынын, оның ішіне барып-келетін ұшақ шығыны, туристік топты алып жүретін көлік, қонақ үй, төрт мезгіл ас, медициналық сақтандыру қамтылады. Дәл осындай қызметпен Бодрумда дем алып қайту үшін 525 мың теңге, Анталияға кететін шығын 630 мың теңге көлемінде екен.

Туристік орталықтан өзге елдерге туристік турды сұрадым. Менеджер жағажай демалысы үшін Мысыр таптырмайтын жер екенін айтты. Жерорта теңізінің жағасында орналасқан Хургада қаласындағы сауықтыру кешенінде екі адам 520 мың теңге жұмсайды, Таиландтың Бангкогын таңдаса, 590 мың теңге шығындауға тура келеді.

ҚАЗАҚСТАНДА ДЕМАЛУ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Жалпы Қазақстанда Алакөл, Бурабай, Балқаш, Түркістанға саяхаттауға болады. Алатау мен Алтайдың табиғаты көрікті жерлерін бір рет көзбен көріп қайтқанға не жетсін?!

Бізді Алакөл бағытындағы турсапарлар қызықтырды. Realkz.com ұсынған ақпаратта Алакөл аймағында Ақши, Көктұма және

Қабанбай (Жарбұлақ) курорт аймағы бар. Алғашқы екеуі – Жетісу облысында, үшіншісі – Абай облысы аумағында. Курорт орталықтары Астанадан 1 мың шақырым жерде орналасқан. Мұндай қашықтыққа автобуспен немесе автокөлікпен жету үшін 16-18 сағат кетеді.

Біздің елде ұшақтың бағасы қымбат, ал қолжетімді болған жағдайда, билетке қол жеткізу мүмкін емес, үнемі таусылып қалады. Жазғы күндері пойызға билет таппай сабылатын адам да көп.

ҚЫРҒЫЗСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ 22 ПАЙЫЗЫ ТУРИЗМ САЛАСЫНАН КЕЛСЕ, ТӘЖІКСТАН – 14, ӨЗБЕКСТАН – 9,9, ҚАЗАҚСТАННЫҢ 4,4 ПАЙЫЗЫ ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ТУРИЗМНЕН ТҮСКЕН ҚАРЖЫДАН ҚҰРАЛАДЫ

Жақында Премьер-министр Әлихан Смайылов Үкімет отырысында Астанадан Алматыға дейін лоукостермен 1,5 сағаттық ұшу Еуропа, АҚШ немесе Қытай еліндегі осындай маршруттармен салыстырғанда 2 есе қымбат екенін сынады. Негізі, курорт аймақтарына әуе компаниялары маусымдық ұшақ қатынасын жолға қояды...

Алакөлдегі Қабанбай демалыс аумағын таңдасаңыз, онда Астанадан Ұржарға ұшуға мүмкіндік бар. Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, сенбі күні «Южное небо» авиакомпаниясының ұшағымен 16 мың теңгеге баруға болады. Ұшу уақыты – 1 сағат 55 минут. Сосын аудан орталығынан демалыс орнына жету үшін (100 шақырым) 15-20 мың теңгеге көлік жалдайсыз. Жеткеннен кейін жатын орын іздейсіз. Алакөлдің солтүстік аймағында бірнеше сервис орталығы бар. Мәселен, «Рамазан Plaza», «Инжу Алакөл», «Рассвет», «Толағай», «Әлихан», «Avrora Marine», «Два дельфина» және тағы басқа демалыс кешені қызмет көрсетеді. Біз алғашқы екеуінің менеджеріне телефон

шалап, 7 күнге қанша теңге кететінін есептеп көрдік. Мәселен, «Рамазан Plaza» демалыс кешенінде 2 орынды қонақ үй нөмірін 30-40 мың теңге аралығында алуға болады. Оның ішіне үш мезгіл тамағы және батпаққа, құмды жағалауға апарып-өкелу қызметі кіреді. Енді 7 күн болатын болсақ, жалпы шығынды есептеуге болады. Ұшақпен барып-қайтуға екі адамға 64 мың теңге, Ұржардан демалыс аймағына дейін қатынауға 30 мың теңге, қонақ үйге 420 мың теңге кетеді. Ал «Инжуде» демалу үшін қалтаңыз қалыңдау болуы керек. Онда қонақ үйді екі адамға алсаңыз, 70 мың теңге

шығындайсыз. Әрі үш мезгіл тамаққа бөлек төлейсіз. Сонда Алакөлдегі алаңсыз демалуға 500 мыңнан 1 миллион теңгеге дейін шығындауға тура келеді.

Егер баратын жеріңіз Ақши немесе Көктұма болса, онда Ұшарлаға ұшатын ұшаққа отырасыз. Сосын демалыс орталықтарына дейінгі 60 шақырым жолды көлікпен еңсересіз. Быылдан бастап «Қазақстан темір жолы» Ақкөлге баруды жеңілдетуді қарастырып, пойыз қатынасын жолға қойды. Астанадан Ақшиға дейін вагон түріне және қызмет көрсету класына қарай 7-22 мың теңгеге дейін жетуге болады.

Астанаға жақын (250 шақырым) Бурабайға демалу үшін қалтаңызда 500 мың теңгенің болуы керек. Онда арзан қонақ үй нөмірлерін 20-25 мың теңгеге табуға болады. Екі адамға кететін шығыны Алакөлмен тең.

Досым Қуаныш Есқабылов отбасымен круизбен Түркия, Италия, Испания және Францияның қалаларын аралауға кетті. Одан Алакөлді неге таңдамағанын сұрағанында, сервис қызметінің сапасы, инфрақұрылымы жетілмегенін сылтау етті.

P.S: Алакөл мен Анталияда демалудың қаржы шығынын есептеп көрдік. Шынында, біздің орталықтар сервис қызметінің сапасына мән бермей-ақ, көктің құнын сұрайды. Сосын отандық туризм қалай дамиды?!

БАЛАЛАР ҮЙДЕ ОТЫРМАСЫН

Туристік қызмет көрсетудің өте ерекше бір санаты ретінде балалар туризмінің дамуы туралы айту үшін алдымен оның не екенін екшеп алу керек болар. Балалар туризмі деп 7-17 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдердің тәулік бойында үйін тастап, жетекшісі бастап басқа бір жерге сапарлап барып, не болмаса 6 айға дейін үй көрмей, бөтен жерде жүргенін осы ұғымға сыйғызады екен.

Айгүл
УАИС

Мақсаты белгілі. Тынығып, денесін шынықтырып, сауықтыру, әлеуметке бейімделіп, өзінің лидерлік қасиетін көрсету, бір ортада тәртіпке бағынып, білімін де жетілдіру. Айта берсе берері көп. Негізі, «Балалар туризмі» деп заманауи ағыммен ауыз толтырып айтып отырғанымыз, әйтпесе мұның бәрі баяғы өзіміз білетін пионер лагерлерінің қызметі, мектептерде ұйымдастырылатын түрлі танымдық маршруттарын еске түсіреді.

Сол кезеңнің жақсылығын терсек, балалар туризмі деп жүргеніміз бұрынғы оқушыларды лениндік жолмен, Орта Азия мен «батыр қалаларға» алып баратын арнайы бағыттар еді. Ең әрісі ауылдағы оқушыны облыс орталығына бір күндік экскурсиямен аралатушы еді. Қазір мұның бәрі келмесе кетті. Орнына оңдысын құра алмадық. Өйткені бұрынғы жүйе ыдырап, ақшаға байланған жаңа заманда баланың мүддесін ойлайтындар аз болды. Әйтпесе ірі қалалардың сыртқыдағы балалар лагерлерінің өзі, негізгі міндеті спорт-сауықтыру бағыты болса да, толық жұмыс істемейді. Бұрындары белгілі бір өнеркәсіптің иелігіндегі балаларға арналған сауықтыру орындары қаңырап тұрғанын өзіміз көрдік. Ашық ақпарат көздеріне ден қойсақ, 90-жылдары елімізде 450-ден астам балаларды сауықтыру орталықтары мен лагерлер болған. Бурабайдың айналасында 64 балаларды сауықтыру орталығы болса, 2019 жылдың есебімен 30-дан асқан лагердің 20 шақтысы қалыпты. Ал қазіргі күні нақты жұмыс істейтіні – 14 ғана. Бұл дегеніміз – балалар туризмінің бір қанатының қайырылғаны.

Балалар туризмінің бір түрі – қала ішіндегі саябақтар мен аттракциондарға бару, музей-театрларды аралау, тарихи көрікті жерлерге бару, тіпті сол бақтардан велосипед теуіп бір серпілу де екінің біріне қолжетімді емес.

Балалар туризмінің ең танымал маршруттары болуға сұранып тұрған Абай елі, Түркістан, Каспий, Маңғыстау, Бурабай, Ерейментау, Қарқаралы, Есік-Ле, Баянаулы, тағы басқа бағыттарға балалар түгіл, ересектерді де ұйымдастырып апарып-алып келу қарастырылмаған.

Осы күні балалардың денсаулығы да мықты емес. Сарыағаштан бастап Оңтүстік, Жетісу, Павлодар, Қызылорда, Жамбыл облысындағы санаторийлер балалардың ем-шара алуына лайықталмаған. Бұл да үлкен мәселе. Жарайды, алысқа аяғымыз жетпесе де, ауылдың маңында өлкетану үшін оқушыларды бастап апаратын мұғалімдер қалмаған ба деп ойлайсыз. Бұрындары «вожатыйларға» еріп, ел-жер аралап, далада шатыр тігіп, от жағып, оны айнала ән салып, табиғаттың аясында жүргенде жаңбыр мен күннен қорғануды үйреніп, тауға шығып, суға жүзіп, тағы басқа тартымды саяхатқа барушы еді. Ол да қалыпты. Бұл ортанқол табысы бар, көпбалалы отбасынан шыққан балаларға арналған демалыс еді. Қалтасы көтергенге экскурсиялық та, тақырыптық та, тіл үйрену туры да табылады. Мысалы, Франциядағы «Лиснейленден» бастап Англиядағы «Гарри Поттердің ізімен» жүріп келуге де болады.

Қорыта айтқанда, бұл – жергілікті өкімдіктер мен құзыретті министрліктер келісе отырып шешетін әлеуметтік аса маңызды мәселе. Жоқ емес, бұрыннан қаланған ізі бар. Соған жаңа мағына беріп жаңғыртуға не кедергі?!



СПОРТ

ҚАЗАҚСТАН БОКСЫ – РЕЙТИНГТЕ БІРІНШІ

Ташкентте өткен әлем чемпионатынан кейін Халықаралық бокс қауымдастығы (IBA) ұлттық құрамалардың жаңартылған рейтингін жариялады. Оның нәтижесінде Қазақстан көш бастап тұр.



IBA рейтингі соңғы Олимпиада ойындары, әлем чемпионаты және құрлық біріншіліктерінің қорытындысы бойынша жаңартылып отырады. Рейтинг көрсет-

кішіне Олимпиада ойындарының және әлем чемпионатының алтын медалі үшін 2000 ұпай, күміс медалі үшін 1700 ұпай, қола медаль үшін 1300 ұпай есеп-

теледі. Сонымен қатар құрлық чемпионатының алтын жүлдесі үшін 1200 ұпай, күміс жүлдесі үшін 900 ұпай, қола жүлдесі үшін 700 ұпай қосылды.

Қазақстан өткен жылдың соңында жаңартылған рейтингте бірінші орынға шыққан болатын. Биыл сол көрсеткішін сақтап қалды. 2022 жылы Үндістанда өткен әйелдер арасындағы әлем чемпионатында Қазақстан қыздары 2 күміс, 4 қола медаль жеңіп алған болатын. Ал биыл ерлер арасындағы чемпионатта Қазақстан жігіттері 4 алтын және 1 күміс медаль жеңіп алды.

Соңғы рейтингтегі көрсеткіштер:

Қазақстан – 81 000 ұпай;
Өзбекстан – 60 800 ұпай;
Ресей – 58 050 ұпай;
Үндістан – 55 500 ұпай;
Куба – 45 300 ұпай.

АЗИЯ ЖӘНЕ ОКЕАНИЯ ЧЕМПИОНАТЫ – АСТАНАДА

Елордадағы «Beeline Arena» спорт кешенінде спорттық және жауынгерлік самбодан ересектер, жастар, жасөспірімдер және параспортшылар арасындағы Азия және Океания чемпионаты жалауын көтерді.

Чемпионатқа елімізден 24 параспортшы, 126 шебер, ұлттық құрамадан 72 самбошы қатысуда.

Азия самбо одағының басшысы, Бүкіләлемдік самбо федерациясының (FIAS) вице-президенті Аламжон Муллаев, Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев, Қазақстан спорттық және жауынгерлік самбо федерациясының президенті Айдос Ақжанов қатысып, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Астана қаласы әкімдігінің атынан жарысты ұйымдастыруға атсалысқан Мәдениет және спорт министрлігіне, ҚР самбо федерациясына алғысымды



білдіремін. Осындай ауқымды жарыстың Қазақстан тарихында алғаш рет өтуі – біз үшін үлкен мәртебе. Бұл жарысқа 27 елден 700-дей самбошы қатысуда. Байрақты бәсекеде бәріңізге сәттілік, төрешілерге әділдік тілеймін. Шын үздіктер жеңіске жетсін! – деді Астана қаласы

Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев жарыстың ашылу салтанатында.

Бұл сайыстың жеңімпаздары Сауд Арабиясы Әр-Рияд қаласында өтетін дүниежүзілік жекпе-жек ойындарына қатысуға жолдама алады.

Кешеден бері жасөспірімдер мен жастар жүлде жолында күш сынасты. Чемпионат 11 маусымда ересектер жарысымен аяқталады.

Тағы бір айтарымыз, көрермендер бұл жарысты Qazsport арнасынан және FIAS YouTube каналынан тікелей эфирден тамашалай алады.

GRAND SLAM-ға КІМДЕР ҚАТЫСАДЫ?

Астанада 16-18 маусым күндері дзюдодан Qazaqstan barysy Grand Slam әлемдік турнирі өтеді. «Барыс Арена» спорт кешенінде өтетін жарысқа 45 елден 400-ден астам спортшы қатысады деп күтілуде. Жанкүйерлер үшін жарысқа кіру тегін.



«Qazaqstan barysy Grand Slam» турнирінде дзюдошыларға 2024 жылы Парижде және 2028 жылы Лос-Анджелесте өтетін жазғы Олимпиада ойындарына қатысу үшін ұпай есептеледі. Әлемдік және Олимпиадалық рейтингте ұпай беретін бұл жарыста

Қазақстан намысын ұлттық құрама көшбасшыларымен бірге жас спортшылар да қорғайды.

Елорда татамиінде мына дзюдошылар ел намысын қорғайтын болды:

ЕРЛЕР

-60 кг: Нұрқанат Серікбаев,

Мағжан Шамшадин, Қанат Сейілхан, Дәурен Сюкенов
 -66 кг: Ғұсман Қырғызбаев, Ермек Амангелді, Айболат Ыстыбай, Сұңғат Жұбатқан
 -73 кг: Данияр Шамшаев, Жансай Смағұлов, Дархан Қойбағар, Асқар Нарқұлов
 -81 кг: Айбол Нысанәлі, Руслан Мусаев, Абылайхан Жұбаназар, Бекәділ Шаймерденов
 -90 кг: Ермахан Ануарбеков, Мұхаммедали Мавлидов, Құдырет Досымов, Аян Байғазы

-100 кг: Нұрлыхан Шархан, Бекарыс Садуақас, Бекзат Шағатаев, Ислам Бозбаев
 +100 кг: Ғалымжан Қырықбай, Әділ Оразбаев, Ерасыл Қажыбаев, Мәди Еділбаев

ӘЙЕЛДЕР:

-48 кг: Абиба Абужақынова, Ғалия Тынбаева, Жанерке Асқарова, Нұрайлым Сәрсенбек
 -52 кг: Толғанай Әбеуова, Құндыз Жылқыбай, Гауһар Ирмағамбетова
 -57 кг: Севара Нышанбаева, Бақыт Құсақбаева, Балнұр Құрманбай, Дана Әбдірова
 -63 кг: Мөлдір Нарынова, Есмигүл Куюлова, Анастасия Морозова
 -70 кг: Анастасия Маякова, Роза Нысантайқызы, Диана Телбаева
 -78 кг: Аруна Жангелдина, Назерке Тілеуханова, Маргарита Гриценко
 +78 кг: Камила Берліқаш, Ақерке Рамазанова, Назгүл Маратова.

Дайындаған Ғалым ҚОЖАБЕКОВ



ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕ ҰСАҚ-ТҮЙЕК БОЛМАЙДЫ

Бас қаладағы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы BINOM мектебінде «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Жанандық қайта құрулар дәуіріндегі ұрпақ тәрбиесі» тақырыбында жиын өтті.

Шараға ғылыми-зерттеу мекемелерінің өкілдері, жетекші қазақстандық сарапшылар, жоғары оқу орындарының профессорлары, мектеп директорлары, ғылыми қоғамдастық және даму институттарының өкілдері қатысты.

«Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігі ұлттық бірегейлік идеясын терең пайымдауға, қазақ халқының ұлттық құндылықтары мен мәдени мұрасын жандандыруға, оларды қоғамдық және халықаралық деңгейге ілгерілетуге, мемлекеттік тілдің рөлін күшейтуге бағытталған шараларды жүзеге асыруды көздейді.

Жиынды жүргізген «Қара шаңырақ» ҚБ кеңесінің төрағасы Дархан Мыңбай мемлекеттік тілдің маңызы, отандық тарих және ұрпақ тәрбиесіне тоқталды.

– Үкімет бекітіп, қолға алынып жатқан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасына еліміз үлкен үміт артып отыр. Өйткені аталған жоба орта білім орындарының жетіспеушілігі мәселесін жүйелі түрде шешуге, апатты және үш ауысымды мектептер проблемасын жоюға бағытталған. Ол 2025 жылға дейін 842 мың оқушыға арналған

жаңа форматтағы мектептерді пайдалануға беруді көздейді. Алайда осындай жобаның мемлекеттік тілдегі атауының сәтсіз екені бірден көзге түседі. Сонда қалған мектептердің баршасы жайсыз мектеп болғаны ма? «Ел мектебі», «Заманауи мектеп», «Жаңа мектеп», «Кемелденген мектеп» деп аталса, атына заты сай болып шығар еді. Әйтпесе өзге тілден көшірме нұсқасы – калька аудармасы түп мағынасынан ашақтап, тіл табиғатын дұрыс бере алмағанынан бұрын, жасандылыққа байланып тұрғандық көрінеді, – деді Дархан Мыңбай.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Ғалиябану Кертаева, жас ғалым Алма Сайлауқызы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы BINOM мектебінің директоры Марс Аблезов, «Ырыскелді қажы» мешітінің бас имамы Нұрлан Байжігітұлы ұсынылған тақырып бойынша ойымен бөлісті. Пікірталаста «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігінің ұзақ мерзімді жоспары талқыланып, ұсыныстар айтылды.

Жібек РАХИМОВА,
 Л.Гумилев атындағы
 Еуразия ұлттық университетінің 2-курс студенті

ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕЙІК

Астана қаласының коммуникациялар қызметі алаңында елорданың Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев пен қалалық Төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғаныс басқармасының аға офицері Азамат Жүмекешовтің қатысуымен өткен баспасөз мәслихатында балалардың жаз мезгіліндегі қауіпсіздігі, оларды каникул кезінде жұмыспен қамту, балабақша топтарын топтау туралы ақпараттар айтылды.

Алдағы 14 маусымнан бастап 2023-2024 оқу жылына елордадағы мектепке дейінгі ұйымдар топтарын топтау басталады. Бұған жалпы 28211 орын бөлініп отыр. Соның ішінде 2022 жылы туғандарға 132 орын, 2021 жылғыларға 8297 орын, 2020 жылы туғандарға 8953 орын, 2019 жылы туғандарға 5745 орын, 2018 жылғыларға 5082 орын бөлінген. Биыл қазақ тілінде оқытатын балабақша топтары көбейіп, қосымша 411 топ ашылады. Электрондық www.indigo24.kz жүйесінде мектепке дейінгі ұйымдарда (мемлекеттік, жеке балабақшалар мен шағын орталықтар) бос орындар жарияланады.

Жазғы демалыспен балалардың шамамен 98 пайызын

қамту жоспарланған. Бұл – 1-10-сыныптарда оқитын 186 мыңнан астам бала. Соның ішінде аз қамтылған және жетім балалар шамамен 10 мыңды құрайды.

Қаланың білім беру ұйымдарының базасында 155 демалыс лагері жұмыс істейді. Атап айтқанда, 85 мектеп жанындағы лагер, 68 бейіндік лагер, 2 қала сыртындағы лагер.

Жаз мезгілінде шамамен 175200 баланы жұмыспен қамту жоспарлануда. Бұл – олардың 94,1 пайызы. Өткен жылы жұмыспен қамту көрсеткіші 66,9 пайызды құрады.

Спикерлер жазғы демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету ең алдымен ата-ананың міндеті екенін атап өтті.

«ЛА СКАЛАДА» ӘН САЛҒАН

Қарақалпақстанда туған қандасымыз, Өзбекстан мемлекеттік консерваториясы музыкалық театрының солисі, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Башқұртстан, Татарстан Республикаларының Халық әртісі Жеңісбек Пиязов Астанада өткен Қазақстан мен Татарстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұржамал Үсенбаеваның мерейтойлық концертіне келді.

Оның өзбек басшысы Шавкат Мирзиёевтің қолынан «Халық әртісі» атағын алғаны белгілі. 33 жасында бұл атаққа лайық деп танылған Жеңісбек – әлемге әйгілі «Ла Скала» театрының сахнасында ән шырқаған тұңғыш өзбекстандық әнші. Өнерлі отбасынан шыққан Жеңісбекті көпшілік студент кезінен-ақ «Халық әртісі» деп атап кеткен екен. Астана сахнасында өзін еркін ұстап, көрермендерді жарқын күлкісімен үйіріп әкеткен Жеңісбекпен концерттен соң әңгімелескен едік.



– Жеңісбек, Астана ұнады ма? Жиі келесіз бе?

– Астанаға ылғи қақпаған қыста немесе аптап ыстықта келуші едім, осы жолғы сапарымда елорданың кеші ерекше ұнап тұр. Жаңадан салынған Еуразиядағы ең үлкен мешітке зиярат еттік, жаңарған елорда айрықша ұнады. Жалпы Астана мен Алматыға жиі бол-маса да келіп тұрамын. Осы екі қалада тұратын туыстарым бар. Астананың арайлы кешінде Нұржамал ханымның концертінде өнер көрсетіп, жұртшылықпен жүздестім, жақсы әсер алдым. Осы аптада маэстро Төлеген Мұхамеджановтың концертіне қатысатын ойым бар.

– Пиязовтар отбасының жартысы дерлік Қазақстанға қоныс аударды. Өзіңіздің көшіп келу туралы ойыңыз жоқ па?

– Мен үшін атамекенім – жүрегіме жақын, ыстық ел, әрине. Бірақ Өзбекстанда тудым, өстім, ержеттім, оқыдым, жетілдім, азамат болдым. Мені өнер адамы ретінде аялап отырған Өзбекстаннан кетпеймін деген ойдамын. Ал Пиязовтардың біразы Алматыда, Астанада тұрады. Әбунасир Серіков пен Лиза Пиязованың ұлы Мансур Серіков қазір біраз жетістікке жетті.

– Астана, Алматы қалаларында жеке концерт өткізу жоспарыңызда жоқ па?

– Жуырда Ресейдің Қазан, Уфа қалаларында, одан өзге Италияда, Германияның Берлин қаласында концерт бердік. Астана,

Алматы қалаларында концерт өткізу жоспарда бар, әзірге басқа концерттерден қолымыз тимей жатыр. Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының директоры Ақтоты Райымқұлова Алматыда концерт өткізуге шақырды, алдағы уақытта соған жұмыс істейтін боламыз. Концерт өткізу, әрине, оңай шаруа емес, жарнамасын жасап, көрермендерді шақыру, билетін сату, тағысын тағы шаруасы көп. Жүз пайыз ұйымдастырылып, анық болғанда концерт береміз. Бұйырса, келесі жылы Астанада, Алматыда көрермендермен жүздесеміз деп ойлаймын.

– Жалпы Өзбекстан мен Қазақстанның ұлттық опера өнерінің дамуын салыстыра аласыз ба, қандай ерекшеліктері бар?

– Екі елдің опера өнері жоғары деңгейде дамып жатыр, Өзбекстанның ұлттық опера меймандары шетелге жиі гастрольдермен шығып, өнер көрсетіп жүр, өзбек операсының репертуар жағынан өте бай екенін атап өткім келеді. Астананың опера әншілері, музыканттары да жақсы көрініп жүр. Алдағы уақытта репертуар жағынан елордалық әріптестеріміз көбірек тамаша ұлттық операларын қойып, туындыларын көбейте түседі деген үміттемін.

– Қандай шығармаларды орындауды армандайсыз, кімдерді тыңдайсыз?

– Атақты маэстро Джузеппе Вердидің «Отелло» операсындағы

Отелло партиясын орындасам деп армандаймын. Атақты Джоакино Россинидің «Севиль шаштаразы» көңілді операсындағы музыка мұғалімі Дон Базилионың партиясын орындауға ұсыныс болды, Россинидің шығармаларын Оман астанасы – Маскатта және Вердидің «Травиатасын» Италияда айттық. Ұсыныстардың түсуіне орай әлемдік опера жауһарларын орындауға әзірміз.

– Қарақалпақ шығармаларын орындайсыз ба?

– Қарақалпақстанда «Әжінияз» операсы бар, соған қатысып жүрдім, опера үнемі Науаи атындағы академиялық музыкалық театрда қойылады.

– Операны тек кәсіби музыканттар ғана емес, халық өзіне етене қабылдауы үшін не істеу керек деп ойлайсыз?

– Бүкіл әлем шоу-бағдарламаларды жақсы қабылдайды, сондықтан партиялардың қысқалау нұсқасын халыққа ұсынған дұрыс болар еді деп ойлаймын, көрермендерде операдағы арияны толығымен тындап отыратын уақыт бола бермейтіні рас. Өмірдің бәрі асығыс, уақыт шектеулі екенін ескергеніміз жөн. Бұрын жұрт концертте төрт сағат отыратын болса, қазір екі сағат та отыра алмайтын жағдайға жеттік. Фильмдер де солай, бұрын сағаттап көретін киноларды халық қазір 1 минуттан аспайтын Instagram-дағы роликтерден артық көргісі келмейтіні түсінікті. Заман ағымы солай. Операда да

солай, халықпен әзілдесіп, шоу түріндегі арияларды қысқаша орындап, көрермендерді опера өнеріне қызықтырып, тартуға болар еді.

– Қандай композиторлармен жұмыс істейсіз?

– Өзбекстанда Диллярам Аманмұнаева, Рустам Абдуллаев, Жасур Бадалбаевпен жұмыс істеп жүрмін. Қазақстанда Төлеген Мұхамеджанов «Мен сенімен кездестім» атты әнін ұсынды. Маған арнап арнайы ән жазамын деп уәде берді, соған қуанып тұрмын.

– Отбасыңыз туралы айтсаңыз.

– Ташкентте тұрамыз, әйелім гастрольдеріме көмектесіп жанымда жүреді, 4 ұлымыз бар. Шетелге жиі шығамыз.

– Балаларыңыздың ішінде өнерге жақыны бар ма?

– Иә, Мүсілім атты баламыздың ықпалы бар.

– Оның есімі Мүсілім Магомаевтың құрметіне қойылған ба?

– Иә, біз үйленгеннен кейін біраз уақыт балалы бола алмай жүрдік. 2012 жылы КСРО Халық әртісі әйгілі Мүсілім Магомаевтың 70 жылдық мерейтойына арналған байқауда гран-при иегері атандым. Сол байқаудан кейін келіншегім бала көтеріп, ұл болса Мүсілім, қыз болса Мүслима деп қоямыз деп шешкенбіз. Дүниеге ұл келіп, атын Мүсілім деп қойдық.

Сұхбаттасқан
Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Астанада ЮНЕСКО аясында бірқатар министрлік пен Қазақстанның ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссияның, Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «The planet of art-2023» халықаралық жастар фестивалі музыкалық циклінің гала-концерті өтті. Оған ЮНЕСКО-ның бас директоры Одрэ Азуле арнайы қатысты.

ЖҮРЕКТЕРІ БІРЛІКПЕН ҮНДЕСКЕН



Қазақстанның ұлттық ЮНЕСКО клубтары федерациясы ұйымдастырған шараның басты мақсаты – балалар мен жастардың шығармашылық қабілетін шыңдау, мемлекеттер арасында достық байланысты нығайту, заманауи өнерді дәріптеу. Бұл концертке Қазақстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Тәжікстан, Өзбекстан, Ресей елдерінің 12-18 жасар түрлі конкурсының 42 лауреаты қатысып, өнер көрсетті. Олар 5 мың үміткер арасында іріктелді.

– ЮНЕСКО-ның негізгі идеяларын қолдауымыз керек. Атап айтқанда, балалар мен жасөспірімдердің бойына бейбітшілікті сақтау, толеранттық, тату көршілік сияқты қасиеттердің дәнін себуіміз қажет. Мұның бәрі білім, ғылым және мәдениет арқылы іске асады. Соңғысы, бәлкім, өскелең ұрпақты тәрбиелеудің ең басты элементінің бірі болар. Егер балаларға дұрыс тәрбие берілсе, олар өз халқы мен өзге

елдердің мәдениетін білсе, бізді жарқын болашақ күтіп тұр, – деді Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі, Қазақстанның ұлттық ЮНЕСКО клубтары федерациясының президенті Болат Ақшоларов. «The planet of art» халықаралық жастар фестивалінің билығы ұраны – «Жүрегіміз бірлікпен үндессін». Концерт бүгінгі әлемдік музыкалық мәдениеттің бағытын бағамдауға мүмкіндік берді. Соның ішінде әлемге танылуына жол ашады. Жалпы осы фестивальдің бір пайдасы – отандық авторлардың мен жасөспірімдердің бойына бейбітшілікті сақтау, толеранттық, тату көршілік сияқты қасиеттердің дәнін себуіміз қажет. Мұның бәрі білім, ғылым және мәдениет арқылы іске асады. Соңғысы, бәлкім, өскелең ұрпақты тәрбиелеудің ең басты элементінің бірі болар. Егер балаларға дұрыс тәрбие берілсе, олар өз халқы мен өзге

Еркина ЗЕЙКЕН,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің 2-курс студенті

ӘУЕЗДІ ӘУЕНДЕР ИЕСІ

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Композитордың шығармашылығы, негізінен, отаншылдыққа үндейтін, рухты көтеретін туған ел мен туған жер туралы, отбасы құндылықтарын дәріптейтін ата-ана жайлы әндерден тұрады. Ұлылар мекені – Абай мен Шәкәрімнің елінен өнерге қанат қаққан азамат осы уақытқа дейін 200-ден астам ән жазды. Туындылары музыка мамандарының жақсы бағасын алып келе жатыр. Көрнекті композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Теміржан Базарбаев өзіне шәкірт етіп алып, батасын берді. «Кентаудың әндері байыпты, байсалдылығымен, әуезділігімен, қазақи болмысқа сай адами қалпымен күнды» деді бірде ол шәкіртінің шығармашылығына сүйсініп. Белгілі театр сыншысы Әшірбек Сығайдың «Қазіргі таңда қазақтың ән өнері «Ақ маржан», «Қызыл өріктің» деңгейіне дейін түсіп, тіпті төмендеп кетті. Ал композитор Кентау Назарбектің ұлттық әуезге бай, тәрбиелік мәнге

сай өміршен, есті әндерінің «хит» болатын уақыты әлі алда» деген пікірі бар.

Кентау Назарбек ән мәтіндерін таңдауда биік талғам танытып, ұлы Абайдан бастап, дауылпаз ақын Қасым Аманжолов, аса көрнекті ақын Төлеген Айбергенов, өткен, қазіргі белгілі ақындардың өлеңдеріне ән жазды. Өзінің бойында да ақындық қабілет бар. Мәселен, осы кешке атау берген «Қазағым, жаса мәңгілік» әні сөзінің де, әуенінің де авторы – өзі. Ал шығармашылық кеші Төлеген Айбергеновтің өлеңіне жазылған «Бір тойым бар» әнімен ашылып, концертте отызға тарта туындысы орындалды.

Соның ішінде Астанаға арналған екі жаңа әні өнер кеңістігіне жол тартты. Ақын Бақытжан Тобаяқовтың өлеңінен туған «Есіл мен Нұра» туындысын автордың өзі салды. Ал елорданың 25 жылдық мерейтойына тарту ретінде ұсынылған «Арайлы Астана» шығармасын Асылхан Шалқаров пен Ардақ Маратқызы шырқады.

Бұл әннің сөзін де Кентау Назарбектің өзі жазды.

Ақын ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңдеріне өте көп ән жазылды. Соның ішінде Кентау Назарбектің шығармашылығында да Мұқағалидың туындылары ерек орын алады. Композитор осы ақынның жырларына 40-қа тарта ән жазды. Бұл кеште сондай туындылар «Қазақ жері» әнін белгілі әнші Досымжан Таңатаров, «Үш бақытым» шығармасын Клара Төленбаева, ал «Оралыңдар елге» туындысын «Айналайын» балалар хоры айтты.

Композитордың өнердегі төлқұжаты – «Бір бәйтерек, бір шынар» әні елге кең тарады. Отыз жылға жуық уақыт бұрын жазылған бұл туынды ата-анаға деген махаббаттан тұды. Әннің сөзін Кентау Назарбектің туған апасы Бақыт Назарбекова жазды. Бұл туындыны белгілі әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Алтынай Жорабаева репертуарына қосып, кеште орындады. Осы ән сияқты композитордың қоржынындағы «Әжешім

– анам», «Ата-ана аманаты» атты шығармалар да бар.

Кеш иесінің бірнеше әні пандемия уақытында жазылды. Атап айтқанда, көрнекті ақын Олжас Сүлейменовтің өлеңінен туындаған «Айналайын» және жас ақын Олжас Отардың мәтінінен туған «Шүкір ет, бауырым» әндерін танымал әншілер Нұрлан Әлімжан мен Бауыржан Исаев ұсынды. Композитордың күйшілігі де бар, «Керуен ғұмыр» атты күйін Жігер Бертісов тартты. Сондай-ақ концертке Гүлмира Ақурпекова, Арайлым Рахымқызы, Нұрай Таңабаяв, Жанат Шыбықбай, Ардақ Исатаева, Кенжебек Жанәбілов, Нұрболат Арзамас, «Аламан» тобы сынды белгілі әншілермен қатар жас өнерпаздар қатысты. «Сарыарқа» халық музыка ансамблі мен «Алем» заманауи би балеті кештің көркін кіргізді. Ал концерт Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның бір топ әншілерінің орындауында «Қазағым, жаса мәңгілік» әнімен түйінделді.



Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен белгілі композитор Кентау Назарбектің елорданың 25 жылдық мерейтойына арналған «Қазағым, жаса мәңгілік» атты шығармашылық кеші өтті.